

Хаттама №5

Өткізілген күні: 13.02.2026ж

Қатысқандар: 22

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қаңтар айында өткен кеңестің шешімінің орындалуы. орындалуы .
2. Мектепалды тобының балаларының оқуға дайындық деңгейі.
3. Жемқорлық жабық құбылыс. (ұжым арасынан алынған сауалнама қорытындысы)

Тыңдалды:

Сөз сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина өткен кеңестің шешімдері бойынша 2026 жылға арналған қызметкерлердің еңбек демалысының кестесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасақталды.

Өндірістік қажеттілік пен жұмыс кестесі ескерілді.

Кесте мекеме басшысының бұйрығымен бекітілді.

Қызметкерлер еңбек демалысы кестесімен таныстырылып, қол қойды.

Барлық педагог қызметкерлер мен техникалық қызметкерлерге қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулық қайта таныстырылды. Қауіпсіздік ережелері (тайғақта жүру, серуен кезіндегі бақылау, мұз, қар, жол қауіпсіздігі) түсіндірілді.

Балаларға қыс мезгіліндегі қауіпсіздік туралы әңгімелер, нұсқаулықтар өткізілді. Ата-аналарға қысқы қауіпсіздік бойынша жадынамалар таратылды.

Нұсқаулықпен танысқаны туралы қызметкерлердің қолы алынды.

Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары толық орындалуда, бақылау тұрақты жүргізілуде.

1 -мәселе

Тыңдалды: Балабақша әдіскері: Г.Ж. Ниетбаева мектепалды топ балаларына жүргізілген диагностика нәтижелерімен таныстырды.

Диагностика барысында келесі бағыттар қарастырылды:

Сауат ашу негіздері (дыбыстарды ажырату, буындап оқу элементтері)

Қарапайым математикалық ұғымдар (санау, салыстыру, пішіндер мен түстерді ажырату)

Тіл дамыту деңгейі

Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті

Әлеуметтік ортаға бейімделуі

Нәтижесінде:

Жоғары деңгей – 70 %

Орта деңгей – 25%

Төмен деңгей – 5%

Орта және төмен деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізу қажеттігі айтылды.

Сөйледі:

Психолог Айжанова Айнұр балалардың эмоционалдық тұрақтылығы мен мектепке психологиялық дайындық деңгейі туралы мәлімет берді. Кейбір балаларда зейін тұрақсыздығы, өзіне сенімсіздік байқалатыны айтылды.

2-мәселе **Тыңдалды:**

Әдіскер: Г.Ж. Ниетбаева сөз сөйлеп, қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың өзекті мәселе екенін атап өтті. Жемқорлықтың көбіне жасырын, жабық түрде жүзеге асырылатыны, сондықтан оны анықтау мен алдын алу маңызды екені айтылды.

Психолог А.Қ. Айжанова ұжым арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысымен таныстырды. Сауалнамаға қызметкер қатысқан.

Нәтижесінде:

Қатысушылардың 0 % жемқорлықтың жасырын сипатта болатынын көрсетті. 95% ұжымда ашықтық пен әділдік қағидалары сақталады деп жауап берген. 5% сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін түсіндіру жұмыстары қажет екенін атап өткен.

Қызметкерлердің басым бөлігі адалдық, әділдік және ашықтық қағидаларын қолдайтынын білдірді.

Сауалнама нәтижесі бойынша ұжымда жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасқанымен, профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізу қажеттілігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектепалды топ балаларының оқуға дайындық деңгейі жақсы деп танылсын.
2. Сауалнама қорытындысы назарға алынсын.

Төрайым:  А.Е. Карабалина
Хатшы:  Г.Ж. Ниетбаева